

## **Менгеруші жанындағы кеңес**

### **Хаттама № 6**

**31.01.2025 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында менгеруші жанындағы кеңес болып өтті.**

Қатысуға тиіс: Үйірме жетекшілері

#### **Күн тәртібінде**

1. «Жас домбырашылар» үйірме мүшелерінің аспапта ойнау шеберліктерін, техникалық дағдыларын байқау нәтижесі.
2. Сурет үйірме мүшелерінің сабакқа қатысуын қадағалау нәтижесі
3. Мұғалімдердің, үйірме мүшелерінің оффлайн және онлайн байқауларға қатысуын ұйымдастыру

**Тындалды:**

**Қосымша білім беру орталығының менгерушісі М.Рахметова:**

Қаңтар айының 20-24 аралығында домбыра үйірме мүшелерінің аспапта ойнау шеберліктерін, техникалық дағдыларын байқау мақсатында күнделікті сабактары қадағалауға алынды.

Үйірме мүшелерінің сабакқа қатысуы жоғары дәрежені көрсетті.

Домбыра үйірме мүшелерінің сабак үстіндегі белсенділіктері, шығармашылықпен айналысусы, шеберлік дағдылары – ұжымда, топта, жеке жұмыс жасай білу икемділіктерінің қалыптасқандығын көрсетеді. Әрбір үйірме мүшесі әуенде ойнаудың қарапайым орындаушылық тәсілдерін жете менгерген. Әрбір үйірме мүшелерімен жеке-жеке жұмыстар жүргізілуде.

**Домбыра үйірмесінің жетекшісі Нарманова Сәуле:**

Қазіргі кезде практикалық жұмысты жандандыру үшін алдымызға мақсат қойып, шығармашылық жұмысқа көп көңіл бөлудеміз. Баланың жеке басты тұлға ретінде дамуына шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысы тікелей қатысты. Қабілетті окушылармен әуенде ойнау мен орындаушылық тәсілдерін шындағы отырып, халықтық шығармалармен жұмыс жүргізсек, үлгірмеушілермен техникалық шеберліктерін арттыру мақсатында қағыстар, тұғырлық жаттығулар, шығарманы нотамен санап ойнау жұмыстары қосымша атқарылуда.

**Қосымша білім беру орталығының менгерушісі М.Рахметова:**

Екінші мәселеде 13-17 қаңтар аралығындағы сурет үйірме мүшелерінің сабакқа қатысуын қадағалау нәтижесі талқыланды.

Қадағалау барысында үйірме мүшелерінің сабакқа қатысуы жақсы нәтиже көрсеткендігі, сабак үстіндегі белсенділігі, практикалық жұмыс жүргізулері үйірме мүшелерінің дағдыларының қалыптасқандықтарын көрсететіндіктері аталды. Сонымен қатар жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді сабак барысында кеңінен пайдалану қажеттігі ескертілді.

Ушінші мәселеде ұстаздар мен үйірме мүшелерінің оффлайн және онлайн байқауларға қатысуы талдана келе, ұстаздардың және үйірме мүшелерінің жетістіктерін молайту қажеттігін атады, жұмыс жасау қосымша білім беру орталығының үйірме жетекшілеріне тапсырылды.

**Қаулы етеді:**

1. Үйірмелердегі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттырып отыру үйірме жетекшілеріне тапсырылсын.
2. Үйірме сабактарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспар бойынша атқарылуын қадағалап отыру орталық менгерушісі М.Рахметоваға міндеттелсін.
- 3.Ішкі жұмыс жоспарларын қадағалап отыру орталық менгерушісіне жүктелсін.

Жиналыш хатшысы:  Ш.Базарбаева